<p><b>Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда )</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылайды (сең, су тасқыны)</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлейді.</p>

	<p>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. (сымсыз телефон, ертеңгіліктегі тақпақ айтуда тәрбиеші дыбыстардың анық айтылуын қадағалау)</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді атайды.</p> <p>Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді ойын арқылы ажыратады. (наурыз тойына шақыру)</p> <p>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіріп, төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздері айтады. (отар, үйір, табын, келе)</p> <p>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізіп, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетеді (еркін ойын)</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады, (айтпа, қалма, ойнама) үлгі бойынша жай(көктем келді), жайылма сөйлемдер (шуағын шашып көктем келді)құрастырады. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беріп, (Алдар көсе пен бай) өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып және дұрыс жауабын ұсынады, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қойып, бір-бірімен еркін диалог құрып, еркін талқылайды</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Жиын.</b></p> <p>Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттарды топтастырады. Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстырып, тең немесе тең еместігін анықтайды.</p> <p><b>Сан, санау:</b></p> <p>Заттарды 5ке дейін санап, сандарды реті бойынша атап, "Барлығы қанша?" сұрағына жауап береді. Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстырады. Теңдік және теңсіздік ұғымдарын ажыратады. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес; Теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап береді 5-ке дейін реттік санап, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап береді. Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санайды (көру, есту (аудионы тыңдау арқылы барлығы қанша жануар?), иіс сезу (бір қорапта неше жеміс?)). Тура және кері бағытта 5 көлемінде санайды.</p> <p><b>Шама.</b> Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстырады. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды беттестіріп, тұтастырып салыстырады.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b></p> <p>Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) атап, ажыратады. Геометриялық пішіндерді атап, пішіндерді зерттеп, олардан бейне шығарады. (киіз үй және жиһаздары)</p>

	<p><b>Кеңістікте бағдарлау.</b> Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай, өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтап, өзінің дене бөліктерін бағдарлап және атайды (бас, аяқтар, қолдар).</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үй.</b> Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы айтады. Жақын туыстарын ажыратып, олардың есімдерін атап, өзінің жақындарына мадақтайды. Заттық әлем. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажыратып, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) айтады, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерін атайды, көрсетеді. <b>Байланыс және қозғалыс құралдары.</b> Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атайды. Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар атап, ажыратады. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарайды. <b>Еңбекке баулу.</b> Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қояды. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдайды: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіреді. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстарын атап, ажыратады. (жел, тұман, қардың еруі) Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып тез еруі), ойын, еңбек, эксперимент барысында қар, суқасиеттерін анықтайды. Жануарлар әлемі. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, жыл мезгіліне бейімделуін зерттейді, талқылайды. (аюдың тіршілігі, қоянның өзгеруі) Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтайды. Электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау сынды қарапайым ережелерді атап, салдарын анықтайды.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарап, ойнап болған соң оларды жинап және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Қағаздан құрастыру. Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдырады, бұрыштарын және қырларын біріктіріп, желімдейді, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады.</p>

	<p>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері)(киіз басу, фетрге ою құрастыру) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастырады. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасайды. Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастырады.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салады.</p> <p>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «күс қанаты», «күс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды.</p> <p>Балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін атайды. Қоңыр, қызғылт сары және ол түстерді өз бетінше жасайды (негізгі түстерден балалар өздері қажет түстерді шығарады).</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады.</p> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастырып, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтап, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіреді. (қоржын, сандық, алдарға шапан)</p> <p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояп, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояйды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отырады, жұмыс орнын таза ұстайды, ұқыпты болып, қауіпсіздікті сақтайды.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді.</p> <p>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданып, кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі.</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді,</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, оюларды қиюда қолданады.</p> <p>Тар жолақтарды көлденеінен қиюды, шаршының бұрыштарын қияды.</p> <p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады.</p> <p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеріп, ұсақ</p>

	элементтерді ересектердің көмегімен желімдеп, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді.
<b>Музыка</b>	-Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау; -Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру; -Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету; -Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығу.</b>  <b>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.</b>  Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>1) Жүру:</b> жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.  <b>2) Тепе-теңдікті сақтау:</b> Бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.  <b>3) Жүгіру:</b> Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. <b>4) Еңбектеу, өрмелеу:</b> Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу.  <b>5) Секіру:</b> аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру.  <b>6) Лақтыру, домалату, қағып алу:</b> допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру.  <b>7) Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</b> Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойыншатүзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b>  Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу</p> <p><b>Қимылды ойындар:</b>  Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p>
		<p><b>Спорттық жаттығулар.</b>  Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскендете жеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p>

<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>          Артикуляциялық жаттығулар жасауда атауларын айтады(инеше, төбешік, жалпақ тіл, кесе, сағат)          Жаңылтпаштарды ақырын, жылдам айтуда сөз бен сөз тіркесін дұрыс айтады.          Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажыратып, атайды. (тық – тық тамшы, қыр – қырт құлыптың ашылуы)  <b>Сөздік қор.</b>          Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстарды атап, аталған заттардың қолданылу аясы туралы тәрбиешімен бірге талқылайды.          Ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін сипаттайды          Заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздерді қолданады (көп-аз, үлкен -кіші, астында - үстінде)          Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін атап, ажыратып, үлкендерді сыйлап, дастархан басында әдептілікті сақтайды.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>          Зат есімдерді жекеше және көпше түрде (қоян, қояндар), сан есімдерді ретімен атап (бірінші, екінші), оларды зат есімдермен септіктерде (қоян, қоянның, қоянға), жекеше және көпше түрде, (қоянның шөптері, қоянға шөп) зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып(қоян қандай?), етістіктерді бұйрық райымен қолданады (отыр, жүр, жүгір).  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>          Балаларзатты, суретті өз бетінше қарап, сипаттап, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылайды. (ғаламшар, гүлдің пайда болуы, досының жоғалуы)          Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Көркем әдебиет.          Балалар ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдердегі мазмұн бойынша сұрақтарға жауап беріп, жаңа сөздерді талқылайды. (ерте дамыту сайтынан аудио записьтен алынады)          Әдеби шығармалардағы әрекеттердің дамуын қадағалап, мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды, автор сөздерін айтып (деңгейі жоғары бала), кейіпкерлердің мінезін беріп, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады.          Сахналық қойылымдарға қатысып, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды</p>
	<p>ойнайды, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады (суреттер визикасы әдісі), еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды басқа қырынан көрсетеді (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты)</p>

<p><b>Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда )</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>          Ұжымдық әңгімеге қатысуда, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеп, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолданады, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіріп және дәлелдейді.          Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.          Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлейді (бізді қоршаған дыбыстар ойыны, рөлдерді сомдау)</p> <p><b>Сөздік қор.</b>          Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын атап, қажеттілігін айтады (жауқазын, шымшық, қарлығаш, қайығ, қарағай, тоңазытқыш, кебеже, асадал)</p> <p>Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді ажыратады (Отбасы рөлдік сюжеттік ойын немесе нағашы ата әжеге көмек ). Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтады.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>          Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады (ол менің бөлем емес, сіңілім), үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастырып, өз ойын жеткізеді.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>          Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады. ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттап, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табады.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Жиын.</b>          Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын айтып, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды.</p> <p><b>Сан, санау.</b>          Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстырып, теңдік және теңсіздік ұғымын ажыратады. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастап, «қанша болды?», «қаншасы</p>

	<p>қалды?» сұрақтарына жауап береді.</p> <p><b>Шама.</b> Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығын айтып, ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырып, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңшке сын есімдермен белгілейді. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеп, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтайды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастырады, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілейді (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері (таңертең күннің ызғары, күндіз жылынуы т.б.) мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын ажыратады.</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Жолда жүру ережелері.</b> Көлік түрлерімен, жол түрлерін атап, жолда жүру ережелерін атап, ойын барысында қолданады.</p> <p><b>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары</b> Өлі табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады. (Жел, жаңбыр, тұман) Бақылау күнтізбесінде ауа-райын белгілейді (суық, жылы, жаңбыр жауды, жел соқты, күн шуақты) соған сәйкес киінеді. (шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір)</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> Өсімдіктерді ажыратып атайды (бөлме өсімдіктері), оларға күтім жасайды (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту). Өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсіндіреді</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Төрт түлік және оның төлдері ажыратып атайды (сиыр-бұзау, қой-қозы, жылқы-құлын, түйе-бота, мысық-марғау, ит-күшік) мінезіндегі ерекшеліктері, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы, оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы әңгімелейді.</p> <p><b>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.</b> қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениетінің ережелерін айтады. Ойын барысында мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым - қатынас құрайды</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, (текше, пластина, кірпіш, блок.) оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады;</p>

	<p>заттарды өз бетінше сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдайды; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды. дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды;</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b> қағаз парағын түрлендіреді; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастырады; «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады;(бақа,ит,күс)</p> <p><b>Табиғи,қалдық матиралдардан құрастыру.</b> қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен,(киіз үй бұйымдары) тұрмыстық заттарын,(күбі, тостаған, астау) олардың қандай материалдан жасалғанын айтады Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары) (ертұрман - ерлерге арналған жеңіл, ықшам, көбінесе мүйіз, сүйекпен, әшекейленеді, оның қажеттілігін түсіндіру.) табиғи (мақта,дәннің түрлері) және қалдық заттардан(қақпақтың түрлері,кір қыстырғыштыры) құрастырады; заттарды өз бетінше таңдап, ойдан композиция құрастырады;</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салып, арақашықтығын сақтайды.</p> <p>Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге атап, бір – бірінен ажыратып, ерекшелігін түсіндіреді (қазақ пен орыс халқының үйлерін, сандық, шкаф, матрешка, асық ойыны, білезік -браслет, тұмар - крест) Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «күс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «күс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салып, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. (жүкаяқтарға «күстұмсық» себебі?)(текемет, бөстек, адалбақан, әбдіре) 4 ойын</p> <p>Қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін анықтайды. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерін өздері шығарады (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданып, көп түске назар аударып, пайдаланады.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтайды.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созып, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді.</p> <p>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданады. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрастырып, ұжымдық жұмыстарды</p>

	<p>орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі (мысалы «Үйшік» ертегісінен аюды, мен тышқанды)  Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, (сандық, сандыққап, ағаштөсек, кебеже, әбдіре) оларды мүсіндейді.  Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиып, берілген тақырыпқа сай құрастырып, жапсырады.</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолданады.</p> <p>Тар жолақтарды көлденеңінен қиып, шаршының бұрыштарын қиюды. Одан шыққан бейнені құрастырып, жапсырады.</p> <p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады.</p> <p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді. Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді, ұсақ бөліктерін ересектердің көмегімен желімдейді. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынды атап, құрастырады.</p> <p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсырады. (тақия, текемет, шапан, сандық)</p> <p>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді</p> <p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиып немесе өз бетінше ойдан қиып жапсырады, жұмыс барысында ережені сақтайды</p>
<b>Музыка</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту;</li> <li>-Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау;</li> <li>-Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту;</li> <li>-Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.</li> </ul>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығу.</b>  <b>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.</b> Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға- артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтактарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екіжаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>1) <b>Жүру:</b> жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяққимылдарын үйлестіру.</p> <p>2) <b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> Бұрылу; қырлы, көлбеу тактай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.</p> <p>3) <b>Жүгіру:</b> Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.</p> <p>4) <b>Еңбектеу, өрмелеу:</b> Етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу.</p> <p>5) <b>Секіру:</b> аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру.</p> <p>6) <b>Лақтыру, домалату, қағып алу:</b> допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру.</p> <p>7) <b>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:</b> Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b>  Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.  Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p>

<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>          Артикуляциялық жаттығулар жасауда атауларын атап, дыбыстарды баланың қажеттіліне қарай қайталайды(инеше, төбешік, жалпақ тіл, кесе, сағат)          Тақпақтарды айтуда екінді, логикалық үзілістерді пайдаланады. (ұлттық ойындар ақсерек, кетті – кетті орамал)          Фонематикалық естуді дамыту: айналасындағы дыбыстарды тындап, ажыратады (Қайтала, Шапалақта, Тыңда, айт. Бірінші дыбысты ата ойындары)  <b>Сөздік қор.</b>          Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстарды атап, аталған заттардың қолданылу аясы туралы тәрбиешімен бірге талқылайды.          Заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздерді қолданады (көп-аз, үлкен -кіші, астында - үстінде)          Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрін қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін атап, ажыратып, үлкендерді сыйлап, дастархан басында әдептілікті сақтайды.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>          Зат есімдерді жекеше және көпше түрде (көшет, көшеттер), сан есімдерді ретімен атап (бірінші, екінші), оларды зат есімдермен септіктерде ( ), жекеше және көпше түрде, (көшетті, отырғыз, ) зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып(қоян қандай?), етістіктерді бұйрық райымен қолданады (отыр, көшетті алып жүр, жүгір).  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>          Балаларзатты, суретті өз бетінше қарап, сипаттап, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылайды. (жауқазынның шығуы, көктем бейнесі)          Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Көркем әдебиет.          Аудио ертегілерді тындап, сұрақтарға жауап беріп, әдемі сөздерді қайталайды.          Өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтап, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдайды, ойын барысында кейіпкерлеріне жанашырлық танытады          Әдеби шығармаларды мазмұнын қайталап, сюжет желісінің реттілігін сақтап, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастырады. (ертегі, әңгімелер)          Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастырады.          Ойдан жұмбақ құрастырып, аяқталмаған сөздердің ұйқасын табады. (айтыс)          Сахналық қойылымдарда сомдауда (интонация, ым-ишара, қимыл) қолданады, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдап, оларды басқа қырынан көрсетеді (аңқау-айлакер, қатігез)</p>

<p><b>Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда )</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>  Ұжымдықәңгімеде әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеп, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізеді, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеп, өзінің әрекетін түсіндіріп, дәлелдейді.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Ойын барысында дыбыстарды тауып, ажыратып, анық айтады. («Асықпай ойлан», «Кім жақсы тыңдайды?» «Барлық сөзде бар дыбысты тап»)Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Сөздік қор.</p> <p>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттарды атап, маңыздылығын түсіндіреді. .  Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы атап, келген қонақтарды ажыратады.</p> <p>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын атайды, «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіреді. (жылқышы тек жылқыны бағады, Қамбар ата, жылқыда өт жоқ, неге?) Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздері айтады.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.  Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданады, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастырады. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізеді.  Байланыстырып сөйлеу.  Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беріп, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып, дұрыс жауабын ұсынады, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылайды. .</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p><b>Жиын.</b>  Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығын көрсетіп, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтайды.</p> <p><b>Сан, санау.</b>  5-ке дейін реттік санап, «барлығы қанша?» сұрағына жауап береді. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстырып, теңдік және теңсіз екенін ажыратады. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастырады, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді.5 көлемінде тура және кері санайды.</p>

	<p><b>Шама.</b> Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығын көрсетеді. Ойын барысында берілген заттың ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстырады, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады. («Батыл қоян – ұзын құлақ, қиғаш көз, қысқа құйрық» ертегісін пайданып, басқа жануарлармен салыстыру) Жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілейді.</p> <p><b>Геометриялық фигуралар.</b> Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атап, ажыратып, оларды қайда қолданатынын түсіндіреді (куб не үшін қажет, оны қайда пайдалануға болады?)</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастырады, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілейді (менің алдымда балабақша, сол жағымда мектеп).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын ажыратып, ұғымдарға байланысты әңгімелейді</p>
<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Ойын барысында балаларды адамгершілікке, өзара көмек беріп, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдайды, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді. (Екі дос ертегісі) Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезініп, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрайды. («Достық» кілемшесі, ренжеткен бала кілемшені жайып, неден басталғанын айтып, келіспеушілікті шешеді күнделікті) Менің Отаным – Қазақстан.</p> <p>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын ажыратып, маңыздылығын түсіндіреді. Жолда жүру ережелері.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелерін сақтайды, белгілерін атайды.</p> <p>Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын атап, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстайды. (басқа адамнан затты алма ойыны)</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</p> <p>Жел, жаңбыр табиғат құбылысы екенін атап, олардың пайдасын түсіндіреді.</p> <p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеп (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киінеді.</p> <p>Өсімдіктер әлемі.</p> <p>Өсімдіктер, оларға күтім жасайды (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту). Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін,</p>

	<p>олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтайды.</p> <p>Өсімдіктерді жіктейді: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтайды.</p> <p>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) атап, бір – бірінен ерекшелігін ажыратады.</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Өз өмірінің қауіпсіздігі үшін электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін атайды (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастырады.</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырады, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажыратып (текше, пластина, кірпіш, блок) және атайды, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдап, өз бетінше ойдан құрастырады, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды. Ойнап болған соң оларды жинап, орнына қояды</p> <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдырып, бұрыштарын және қырларын біріктіріп, желімдеп, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастырады.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) атап, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттейді. (Күбі- Еменнен жасалған ауыз жағы тарлау, түп жағы кендеу <a href="#">ҚЫМЫЗ</a> ыдысы) (әр күнге бөліп топтасып зерттеу)</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салып, арақашықтығын сақтайды. (жайлау, таулар, төрт түлік)</p> <p>Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге атап, бір – бірінен ажыратып, ерекшелігін түсіндіреді (қазақ пен орыс халқының үйлерін, сырға, білезікке салынатын белгілерді атап, салады)</p> <p>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салып,</p>

	<p>элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтайды. (ата- әже, бозбала мен қыздың киімдеріне оюларды салады) 4 ойын</p> <p>Қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктерін анықтайды. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерін өздері шығарады (ағаштың түсін тап, шөптердің түсін шығар (ақ пен жасыл сарыны қосса не болады?). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданып, көп түске назар аударып, пайдаланады.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтайды.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеп, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созып, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндейді. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістейді.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларды сақтап, бөліктерді біріктіреді. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолданады. Кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіреді</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрастырып, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөліседі (мысалы Мамыр айының ерекшеліктерін ағаштың гүлдеуі т.б.)</p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын атап, (сандық, сандыққап, ағаштөсек, кебеже, әбдіре) оларды мүсіндейді. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіреді.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиып, берілген тақырыпқа сай құрастырып, жапсырады.</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алып, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолданады.</p> <p>Тар жолақтарды көлденеңінен қиып, шаршының бұрыштарын қиюды. Одан шыққан бейнені құрастырып, жапсырады.</p> <p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиып және ол заттарды қағаз бетіне орналастырады. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескереді. Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдейді, ұсақ бөліктерін ересектердің көмегімен желімдейді. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, сырға, алқа, тұмар құрастырып, жапсырып, түсіндіреді.</p> <p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсырады. (тақия, текемет, шапан, сандық)</p> <p>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді</p> <p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиып немесе өз бетінше ойдан қиып жапсырады, жұмыс барысында ережені сақтайды</p>
<b>Музыка</b>	<p>-Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау;</p>

		<ul style="list-style-type: none"><li>-Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту;</li><li>-Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау;</li><li>-Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.</li></ul>
--	--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------